



**Егемен Қазақстан**

## Иірсудың иірімі

Қазақ көркем ойының бір биігі, қанатты қаламгер, аға-дос Несілбек Дәутайұлының өмірбаяны мен өнербаянына үнілген сайын оның «Мінез» деп аталатын әңгімесіндегі жазушы Хакімжанның: – «Қанша кітап жазсаң да өмір өз жолымен жүреді», деп қамықты ол. Толстойды айтам да. Адамдардан біртүрлі көңілі қалды. Өз үйінің терезесінен ұрланып қашып шыққанда, өзін бүкіл әлемнен қызғанған тас құйрық қатыны Софья Андреевнадан емес, көрсоқыр қоғамнан безді. Толстой – өзі сомдаған Анна Каренина тағдырының қайғылы жалғасы, аға. Ол да, Абай да, өзін өзі атып салған Хэмингуэй де ішінде өзіміз бар қалың нөпір баяғыдан көнген, әбден мойындал алған, айдауына жүрген көнбіс, көңілшек өмірге ешқашан сыймайтын азабы мен шері мол, шенбірек атқан шерменде мінездер» – дейтін жері ойыма орала береді.



Тағы соған жалғасты: – «...Лермонтовтың тубіне жеткен қызғаншақтық мінез. Бекер обалы қане, Мартынов оған бірнеше жолы «отпен ойнама» деп ескертті ғой. Қайтесің, басы тым үлкен, мойны қылдырықтай, аяғы талтақ Лермонтов сұлу, сымбатты Мартыновтың балға жиналатын ақсүйек қыз-келіншектердің алдындағы биік мерейін өлердей қызғанып, солардың көзінше мазақтауын

қоймады. Ол кездің еркектік өлшемінде дуэл – соңғы да сөзсіз шешім болатын. Рас, Лермонтов ұлы ақын. Алайда ұлылықтан да жоғары азаматтық ар-намыс, ар-намыстан от боп ойнап шығатын ойран мінез бар ғой» – дейді Хакімжан кейіпкер.

От боп ойнап шығатын ойран мінез... Хакімжан кейіпкер мен қазақтың қарағайдай жазушысы Несілбек Дәутайұлы тұтасып жүре береді оқырман санасында. Шығарма шынайылығын да осы жерден іздеу керек шығар.

Ана бір жылы Несілбек Дәутайұлының «Құдірет пен қасірет» романы жарық көргенде қанаттасы, қатарласы, сарабдал сыншы Бақыт Сарбалаұлы сүйіншілеп пікір айтып, мақала жазған. Сонда: «Несілбек – қасиетті Қордай өнірінің перзенті. Сондықтан онда тастың бітімі, таудың мінезі бар. Мен оны оның шығармаларынан үнемі байқаймын. Мына жаңа романды оқып шыққанда да бұл бірден сезілді. «Ай, мына Досмағанбет – Несілбектің нақ өзі ғой» – дедім ішімнен. Мен мұны өзіммен талай жыл араласып келе жатқандықтан, жеке басынан да жүріс-тұрысынан да адамдармен қарым-қатынасынан да қам-қарекеттерінен де көріп келемін», деп жазғаны бар еді.

Иә, Несілбек Дәутайұлын сөз еткен әріптестері, болмаса оқырманы Шерхан Мұртаза ағамызы «Қордайдың қоңыр құлжасы» атаған жазушы шығармаларын оқуы керек. «Алма ағаштың бұтағы», «Ақ көгершін», «Көк көйлекті келіншек», «Әнім сен едің», «Айғыркісі», «Батыр» тағы басқа кез келген хикаят, әңгімелерін зер салып оқысаңыз «от боп ойнап шығатын ойран мінезді» кейіпкерге кезігесіз. Кезігесіз де Несілбек Дәутайұлы дейтін тағдырлы да тамырлы суреткермен жүздесесіз. Жүздескенде ол саған: «Кез келген шынайы суреткер өзін жазады. Өз мені жоқ қаламгер – өлген қаламгер», деп өткір жанарын қадап, темекісінің түтінін көкке созып тіл қатады.

Болмысы бөлек, табиғаты тылсым, ой орманы оқшау Несілбек ағамызбен сырласқан, сыйласқан бауырларының бірі едім. Аптасына бірер рет: «Қалайсың, Әке» – деп хабарласып қоятын. Қазақы әңгіме тиегін ақтарыла ағытқанда кәдімгі көркем дүние оқып отырғандай әсерленуші едім. Сол әңгімелердің дені елдік, бірлік, ауыл, ұлт, руханият төнірегінде еken. Қайтарынан бір күн бұрын Байзақтағы жарылыс туралы әңгімелестік. «Сұрауы болар, құзғындардан» – деп сәл налып тұрғандай көрінді.

Кейінгі күндері Несілбек Дәутайұлымен арадағы ұзақ жылғы алғаусыз сырлардың, бір көзге көрінбейтін алтын арқаудың негізі болған сағаттар мен секундтар жан дүниемде жаңғырып жүр.

«...Қатар жүрген күндерді сыйлайықшы, біреу ерте біреу кеш бір құлайды», деп еді Кәкімбек ағам. Мынау жарық жалғаның бар түйіні осы екі жолға сыйып тұр ма, қалай?

Ендеше, әлі талай ұрпақ Несағаның көркемдік әлеміне бойлар, кейіпкерлері арқылы жазушымен сан сырласар, қаламгер болмысынан ғибрат алар.

... – Былай ғой, Ғалым – деді Несілбек ағамыз бірде. Мен өзімнен ауылды көремін. Біз әуелі ауыл мінездіміз ғой. Мен Дулат Исабековтің «Ақырмаштан наурызға дейінін», Тынымбай Нұрмағамбетовтің кез келген әңгімесін, сосын марқұм Қалдарбек Найманбаевтың «Бәйгеторысын» қайтадан оқығым кеп түрады. Оқысам ауылыма барып келгендей, ауылдағы баяғы аталар мен апаларды, ағалар мен женгелерді көргендей жүрек елжіреп, бауыр езілген күй кешемін.

Ауыл – қазақ қаламгерлерінің тағдыры. Әдебиетте классика деген ұғым бар ғой. Ақын-жазушы ретінде танылғандар, танылуға таяп қалғандарды былай қойғанда, газеттерді жағалап, мақалалар сүйкеп, оқта-текте төрт-бес шумак өлеңдерін жарияладап жүргендер де «Мен осы байқасам, классик екенмін ғой», деп көкіп отырады. Не сонда классика деген? Білмейді.

Классика, меніңше адам, ұлт тағдырынан туатын ақиқат. Соның көркем көрінісі, терең танымы.

Егер Э.Хэмингуэй «Шал мен теңізді» жазса, теңіз оның және ұлтының тағдыры. Шығармада сол тағдыр, адамның сол тағдырындағы өмір үшін жан алыш, жан беретін тілмен айтып жеткізуі қиын ұлы күресі жатыр.

Ауыл да біз үшін сол сияқты. Мұны қаперге алмай түрлі іздермен эксперимент жасап қоямыз. Бұған қарап жаңа түр, тың мазмұн, бөлек ой айтпа деуге болмайды.

Бұл енді үлкен сұрақ.

Қаламгер жанары бір нүктеге қадалып алған. Қобызша боздап,abyzsha tolfan отыр. Суреткердің көздерінде лезде ой мен мұндың керуені көшіп өткендей мені де бір тұнғыық тарта жөнелді. Қалтафонымның түймесін сырт еткізіп, арнасына түскен әдемі әңгімені жазып алуға оқталдым. «От боп ойнап шығатын ойран мінез» – мұның не, Әке – деп кіділене қалса қайтем? Серттеспесек те сеніскең ұзақ жылға дос-ага. Сыралғы сұхбаттас.

Енді мен сұраққа көшем:

– Сөйтіп сіз қазақ ауыл мінезді дейсіз, Нес-аға! «Ақ көгершін» повесінізде бұл өзі қеңінен әңгіме болмай ма?

Жұрт ата-бабасынан бермен қарай мұра болып келе жатқан мекенді тастап кете алмай әбден қиналады ғой. Сіз сол шығармаңызда тоталитарлық жүйенің қазақы менталитетке түкірмейтінін астарлап айттыңыз.

– Иә, солай. Қайсыбір жылы Шерағаң – Шерхан Мұртазаның менің туған ауылым – Иірсуға барғаны бар. Кенен атама күйеу бала болған жылы ғой. Қордай ауданының сол кездегі әкімі Құрманғали Уәлі екеуміз Шерағанды Кененнің Иірсудағы үйінің орнына апарайық дедік. Кезінде Кененді ізделеп келіп, Жамбыл тәтем де түстенген Иірсу ғой бұл. Кейін Хрушевтің кезінде шағын шаруашылықтар іріленіп, жұрт бір орталыққа көшірілген соң Иірсу иесіз қалған. Бары – үйлердің тегістеліп кеткен орындары. Бірді-екілі ески қыстау.

– Сол Иірсуға Шерағанды бастап келдік. Иірсу – тау бөктеріне жақын басы кең, аяғы тарлауыт жыраны бойлап, ирелендеп ағатын жінішке өзен. Соның жағасында 60-70 түтін от жаққан. Кенекенің үйі ауыл ортасындағы оймақтай ұлпа саздың жиегіндегі қызыл төбешіктің үстінде болатын.

– Соның орнына отырғызбаймыз ба, «Әй, қайын атамның орнына шығып кеткен жоқпын ба?» – дейді Шерағаның көзі алайып.

Ол өзенде біраз бойлап жүріп, айнала төңірекке көз салып көбіне өзімен-өзі болды. Батысқа қарай әйгілі «Ойжайлауға» шығар қасқа жол жатты қасқайып, Оңтүстікке қарай Қордай асуының сілемдері, сонау-сонау төменде кезінде қырғыздың Манас жырында: «Қордайыңа жол салдым, Көлқопана қол салдым» дейтін ойпаң, солтүстігі – Аңырақай даласына асатын Құлжабасы, Қушокы таулары, шығысы – Алматыға жетелеп әкететін ұшы-қиыры жоқ ми жазық.

Бұл ми жазық қайсыбір дәуірде Қобы аталатын дейтін Кенекен. Неге Қобы? Қобы деген не сөз? Соны сұрамаппыз.

Шерағаң бәрін сұрап тұр. Тұс ауа жазушының туған ауылы Жуалыға жүріп кеттік. Екеуміздің езу жидырмай алма-кезек айтатын әңгімеміз көп болушы еді, бұл жолы шалың үнсіз. Жол ортадан ауғанда: «Шераға, үндемейсіз ғой» дедім. «Ойлап келем» – деді ол. «Нені?». «Иірсуды. Тәңірі оны бекер иір-иір етіп жаратпаған. Сендер соған ұқсайсындар. Сендерде әрі жайлы, әрі сұрапыл бір иірімдер бар».

Әрі қарай індеткені: Жойқын, асығыс өзендерді көп көрдім. Біздің Жуалыда мысалы «Теріс» дейтін өзен бар. Ағысы басқа өзендерге қарсы, тауға қарай. Ал Иірсу өзені сондай бір нәзік. Иірім-иірім. Дәл бір бұралып басып бара жатқан қырғи мүше келіншек іспеттес...

Мандайы – көз ұшынан тау асатын қасқа жол, етегі кең жазира. Кенекен әндері... Кененниң әндері асқақ та шексіз кең, сан иірім... Бір кінәздік бар. Сірә, бүгінгі Кенен ауылының кешегі атамекені – Иірсуда өркениет атаулы, тұрмыстың мәдениеті о баста болған. Ол оның барлық өмір салаларын қамтыған.

Күнкерісін де, өнерін де... Кенен әндерінің алабөтендігі – осы мәдениетте... Кез келгеннің тынысы жете бермейтін самғау әуез, кілт тыйылмай иірім-иірім болып кете беретін сұлу саз, кінәз ыргақ... Асқақ. Оқшау. Дара. Дәл Иірсу өнірі өзен бойлап өрілген көш сияқты ауыл іспеттес ана...

Менің ойымша, ауыл – ұлт тұрмысының, оның менталитетінің халықтың ойлау, пайымдау, армандау, қиялдау, сондай-ақ азап-шерінің тағдыры, әнциклопедиясы. Пейіл-ниеті, мақсат-мұддесінің бәрі осы жерден өріп шығады.

Психологиялық өзгерісі де. Қалаға он жеті жасында кеткен, содан ауылына оқта-текте соғатын қаламгер қанша талантты болса да, өзінің бастапқы табиғи тағдырынан айырылып қалғандықтан ауыл, оның адамдары жайлы ақиқат шығарма немесе мақала жаза алмайды.

– Нәке, анау Жюль Верн өмірі теңізді көрмесе де теңіз асты әлемін суреттеп керемет өлмес шығармалар жазған ғой.

– Дұрыс айтасың. Оның ұлы түйсік, талантты тудырған ғажайып қиял. Ауыл теңіздің асты емес, қазақ қаламгерлері Жюль Верн емес қой.

Тағы бір ақиқатымды айтсам, мен ешкімді ешқашан бөле жарған кезім жоқ. Менің Кенен ауылым мені осылай тәрбиеледі. Мен кешегі Кененге арнағы сәлем беру үшін Мұхтар Әуезов, Шыңғыс Айтматов сияқты талай-талай алыштар келген ауылда өстім. Мен ең соңғы шайқасы Қордайда болған қазақтың соңғы қаһарман ханы Кенесарының ұлттың азаттығы үшін жан пида еткен ұлы ерлігіне тәнті болып, оған мақтанып әрі намысына өртеніп ес жидым. Жамбыл тәтенді исі қазақ әлпештеп жүзге, Кенен атаңды тоқсанға жеткізді. Ұлы жүз емес, исі қазак! Иси қазақсыз ұлттың ұшпаққа шығуы негайбыл, исі қазақ билігін де ел-жүртүн да бірдей алғып қарап, бірдей құрметтеп, бірдей қолдап, сүйейтін сәт туды.

Иси қазақтың XX ғасырының рухани әлемі берген екі ерен тұлға – ұлы Абай мен заңғар Олжасының жасампаздығын жаһанға жайып отыратын кезең мынау.

Жаңа көзқарастардың алға шығатын мезгілі жетті.

Осы жерден әңгімеміз кілт үзілген. Қазақтың ғажайып суреткери Несілбек Дәутайұлы темекісін құшырлана сорды. Бір нүктеге қадалған көзі темекі тұманы сейілсе сол нүктенің өзін жұтып қоярдай. Темекі тұқылымен бірге ағадостың ғұмыры қысқарып бара жатқанын ойлаптын ба ол кезде...

\* \* \*

Енді аяқталмаған сұбхат-сырдың жалғасын оның кейіпкерлері айтатын болады.

Ендеше, «Мінез» әңгімесіндегі Хакімжан жазушыны тағы бір тыңдайық: – «Көрінген көген коз, көр көкірек ойлап жүргендей, талант дегеніміз – талғамсыз, тынымсыз жаза беру екен ғой деп пайымдаса, дүниені жабағы жүні түспеген, жадау-жадау сөздер мен ойран-ботқа ойлардың жазгерлері жауып қалады. Солай болып та жатыр қазір».

Қалбалақ қаңбақтарды қанкөбелек ойнатып, қарасын батырып, қаңғытып жіберетін қатты бір дауыл керек-ау. Мұндай қарғаны қанатынан сигізетін қаңтарлы мінез қай тұста, қалайша қаңтарылып тұр».

Кейіпкердің монологынан Дәутайұлына ғана тән мінезді таныдым. Жазушы бақыты сонда. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткери, «Құрмет» орденінің иегері, Жамбыл облысының құрметті азаматы деп реңді тізбелемей-ақ, оның кез келген шығармасы заманымыздың сирек суреткери – Несілбек Дәутайұлы екенін өзі айттып тұрады.

... Иірім-иірім Иірсу өзені. Кемел жайлау.

Кенен ән. Киелі су. Иірсудың иініне оқта-текте қонатын қараша қаздар биыл  
ертерек ұшып кеткендей ме?

Иірсудың иірімі...

Ғалым Жайлыбай,  
ақын, Қазақстанның  
еңбек сіңірген қайраткері